

Жек дуадақтарды аулауды жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 1030 қаулысы

"Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлерін ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 қаулысына сәйкес және жек дуадақты 2003 жылы табиғаттан алуға биологиялық негіздемеге арналған 2003 жылғы 20 тамыздағы N 03-05-09/4052 мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р ғ а :

1) шейх Халифа Бин Заидқа (Біріккен Араб Әмірліктері) шаруашылық қызметтің реттелетін режимі бар Кендірлі-Қаясан республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағының аумағын қоса алғанда, Қызылорда облысында 20 жек дуадақты және Маңғыстау облысында 50 жек дуадақты;

2) шейх Сурур Бин Мұхаммадқа (Біріккен Араб Әмірліктері) шаруашылық қызметтің реттелетін режимі бар Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс және Қарақтау республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағы шекараларының шегінде, 20 ж е к д у а д а қ т ы ;

3) бекзада Абдель Азиз Бин Ахмед Бин Абдель-Азиз Әл Саудқа (Сауд Арабиясы Корольдігі) шаруашылық қызметтің реттелетін режимі бар Жусанды дала республикалық маңызы бар мемлекеттік қорық аймағының аумағында Жамбыл және Алматы облыстарында 37 жек дуадақты 2003 жылғы 1 қазан - 31 желтоқсан кезеңінде өз ителгілерімен аулауына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті:

1) белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген адамдарға жек дуадақтарды аулауға рұқсат берсін;

2) ителгімен саятшылық құруды ұйымдастыру және жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 маусымдағы N 969 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында Жануарлар дүниесінің жекелеген түрлері ерекше жағдайларда пайдалану тәртібі жөніндегі ереженің орындалуын қамтамасыз етсін;

3) "Охотзоопром ӨБ" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының көрсетілген Ереженің 8-тармағына сәйкес қызметтер көрсетуін және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің "Зоология институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнымен бірлесіп, оларды табиғаттан алуды жүзеге асыратын шетелдік азаматтармен шарттық негізде жек дуадақтың өсімін қалпына

келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етсін;

4) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп, ителгімен саятшылық жүргізілетін жерлерде жоғары мәртебелі қонақтар мен олардың қызметкерлері топтарын күзетуді және олармен бірге жүруді ұйымдастырсын.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі - Қазақстан Республикасындағы СИТЕС әкімшілік органы, ителгімен саятшылық құру үшін жыртқыш қыран құстарды Қазақстан Республикасына әкелу мен одан әкетуді Жойылып кету қаупі төнген жабайы жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияның рәсімдерін сақтай отырып қамтамасыз етсін.

4. Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері көрсетілген іс-шараларды ұйымдастыруда қажетті көмек көрсетсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі